



ШОҚТЫҒЫ БИІК ШОЛПАН

Нағбду ҚАМАРОВА,
Yessenov University профессоры,
ҚР Журналистер Одағының мүшесі



Адамның азан шақырып қойған есімі оның ғұмырында ерекше маңызы болатыны рас. Біздің Есенов университетінде Шолпан есімді тұлға бар. Шолпан десе, Шолпан. Қашан көрсең де жарқырап жүреді. Кісілік келбеті, азаматтық тұлғасы биік осы апайды ерекше бағалаймын. Жасандылықтан ада. Өтірік сөйлемейді, ағын ақ, қарасын қара дейді. Қарапайымдылығы, алғырлығы, шапшаңдығы, мейірімділігі Шолпанның мінезін әр кез көркемдеп тұрады. Қандай қиындықтар болса да дұрыс шешім таба алатын парасаттылығы оның көшбасшылығына да айқын дәлел бола алады.

Бүгін сол арамызда жарқырап жүрген Шолпан Сапарбайқызының туған күні екен. Жай жас емес, мерейлі жас! Асқаралы алпыс!

Шолпан Сапарбайқызы 1964 жылдың 7 қазаны күні Маңғыстау облысы, Жетібай елді мекенінде дүниеге келіп, сол жердегі №3 орта мектепте білім алды. Орта мектепті бітіргеннен кейін 1986 жылы қазіргі Х.Досмұхамедұлы



атындағы Атырау мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, 1990 жылы «Педагогика және психология» мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіріп, осы оқу орнына оқытушылық қызметке қалдырылды. 1992 жылы Б.Алтынсарин атындағы Білім академиясының мектепке дейінгі тәрбие зертханасына күндізгі бөлімге аспирантураға қабылданды. 1993 отбасын құрып, екі баласы дүниеге келгеннен кейін аспирантураны 1995 жылы бітірді.

2005 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты жанындағы диссертациялық кеңесте кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. 1997-1998 оқу жылдарында Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінің «Педагогика және психология» кафедрасына жұмысқа қабылданып, бүгінде Есенов университетінің «Педагогика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры. Елудің үстінде мақалалары Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда (ККСОН), Scopus және Web of Science мәліметтер базасында, ғылыми-әдістемелік басылымдарда және халықаралық, республикалық ғылыми конференциялардың жинақтарында жарияланған.

«Ғалым – ұстаз» атты Б.Баймұратованың ұстаздық ғұмыры мен ғылыми шығармашылығына арналған мектепке дейінгі тәрбие тарихына қатысты кітабы, Ш.Сапарбайқызының редакторлығымен 2007 жылы «Ортаға салар ойым бар» атты Маңғыстау өлкесінің мектеп ісіне қатысты жинағы жарық көрді.

Маңғыстау облыстық мәдени мұра бағдарламасы бойынша ҚРБЖҒМ (ғылыми жоба авторлық бірлестікте) Мәдени мұра бағдарламасы негізінде «Қырымның қырық батыры» жырлар циклінің қазақ мәдениеті тарихындағы орны және ұлттұтастырушылық қызметі» жобасының орындаушысы (келісім шарт № 1667); «Маңғыстау облысының материалдық және материалдық емес тарихи-мәдени мұралары (этнографиялық, этноархеологиялық, этимологиялық, топонимикалық, тарихи-архитектуралық, арабографиялық зерттеу)» (ғылыми жоба авторлық бірлестікте) халықаралық кешенді экспедицияның орындаушысы (Келісім шарт № 35 2018 ж). ҚР БҒМ грантымен қаржыландырылатын «AP08856996 Маңғыстау аймағындағы сакралды мәтіндердің концептуалды кеңістігі (жыраулық мәтіндер, эпитафиялық жазба мәтіндері, петроглифтер)» ғылыми жоба орындаушысы. (2020-2022ж.ж.); «Маңғыстау өңіріндегі діни ағартушылық мектептердің қалыптасуы (XIX-XXғғ.)» тақырыптарында ғылыми жоба орындады. Сондай-ақ, 8 авторлық құқық куәлігі, Этнопедагогика. әдістемелік оқу құралы, Тәрбие теориясымен



әдістемесі (авторлық бірлестікте) электронды оқу құралы, «Педагогиканы оқыту әдістемесі», «Бастауыш білім берудің заманауи трендтері», «Эмоционалды интеллект», «Мамандыққа кіріспе» т.б. оқу құралдарымен қатар «Маңғыстаудың сакралды мәтіндерінің концептуалды кеңістігі (авторлық бірлестікте) және «Маңғыстау өлкесіндегі ағартушылық танымның даму тарихы» монографиялары жарық көрді. Ш.Сапарбайқызы бүгінге дейін жүзден астам дипломдық жұмыстарға, сондай-ақ магистранттардың диссертацияларына, соңғы жылдары докторанттардың жұмыстарына да ғылыми бағыт беріп, жетекшілік етіп келеді.

Мені көбіне Шолпанға ұқсатып жатады. Апалы-сіңлілі адамдардай тату жүргендіктен бе, ойларымыз да бір жерден шығып жатады. Рухани жақын болғандықтан да шығар, көп ұқсастығымыз бар. Кейде талғамымыз да айнамайды. Бір күні екеуміз жұмысқа біп-бірдей костюм киіп келдік. Мен таңдаған киімді Шолпан апам да таңдағанын білген жоқ едім. Шаш үлгіміз де бірдей. Мұндай да ұқсастық болады екен-ау. Егіз қозыдай болып жүрген кездеріміз болды.

Бір күні Шолпан әріптесіме Маңғыстаудағы үлкен бір мекемеге барып педагогика-психология, мәдениет, әдебиет, тарих жағынан жан жақты дәріс оқуға ұсыныс түсті. Ш.Сапарбайқызы тартынбастан, бірден оқуға дайын екенін айтты. Сол күні Шолпанның қызықты дәрісін зал толы тыңдарман ұйып тыңдады. Дәрістің мазмұнды да қызықты болғаны соншалықты аяқталған соң толассыз сұрақтар жауды дерсің. Сұрақтар тарих, мәдениет, әдебиет, педагогика, психология салаларынан болды. Барлық сұраққа мүдірмей жауап берген әріптесімнің жан жақтылығына риза болдым. Үш сағатқа созылған дәрістен соң дәлізге шыққан Шолпанды тыңдармандар қоршап алып, психологиялық көмек сұрады. Сол арада бөлек бір кабинет дайындалып, жеке қабылдауға өтініштер түсті. Бұл күтпеген ұсынысты да Ш.Сапарбайқызы қабақ шытпастан қабылдады. Уақытпен санасқан да жоқ. Психологиялық көмек бірнеше сағатқа созылып кетті. Түйткілді мәселелерінің түйінін шешуге атсалысқан психолог Шолпанға сол күні алғыстар жауып жатты...

Ш.Сапарбайқызының терең психолог, шебер педагог екендігін дәлелдейтін оқиғалар көп. Бірақ әріптесіміз оларды атап айтқанды, өзін мақтағанды жақтырмайды. Өз ісіне адал әріптесіміз өзін өзі жарнамалауға да қарсы. Ш.С.Сапарбайқызы осыдан жиырма жылдай бұрын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатын алса, жақында ҚР ЖБҒМ-нің Құрмет грамотасымен марапатталды. Осындай іскер ғалым-



ўстаздардың марапаттардан да шет қалып жататыны қынжылтады. «Тым болмаса мерейтойы жылы министрліктің бір төсбелгісімен марапатталатынындай еңбек сіңірмеп пе еді?» деп ойланып қалдым. Әй, бірақ, шоқтығы биік Шолпан үшін ең үлкен марапат – шәкірттердің алғысы, әріптестердің ілтипаты, халықтың ықыласы.

Қымбатты Шолпан Сапарбайқызы! Мерейлі жасыңыз құтты болсын! Жемісті еңбегіңіздің нағыз кемеліне келген кезеңін көріп келесіз. Туған елге, тарихы мен болашағына деген сүйіспеншілік арқылы өлшеусіз еңбек сіңіре отырып, парасатты да рухы биік ізбасарларды тәрбиелеу жолында да нағыз ұстаздық қасиетіңізді көрсетіп келесіз. Жас ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеуде талай толымды іс атқардыңыз. Кейінгі ұрпаққа, жастарға еңбек жолыңыз үлгі-өнеге. Деніңіз сау болып, шәкірттеріңіздің алғысына бөлене беріңіз! Шәкірттеріңізге берер өнегеңіз таусылмасын! Шыққан биігіңіз аласармасын!

